




Мектепшілік «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы және «Парламент» өзін-өзі басқару ұйымының жылдық есебі

2023-2024 оқу жылы

«Балалар және театр»

Мектебіміздің “Шабыт” драма үйірмесінің мүшелері “Мен тәңірдің зор қатесі шығармын” атты Мейірхан Ақдәулетұлының кешіне қатысып, шығармашылықтарын шыңдап келді.





ГОСУДАРСТВЕННОЕ КОММУНАЛЬНОЕ
КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ
ТЮМЕНСКОЙ ОБЛАСТИ
ТЕАТРА ИМЕНИ Т. АХТАНОВА
ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЯ
УПРАВЛЕНИЕ КУЛЬТУРЫ,
СПОРТА И ДОКУМЕНТАЦИИ
ТЮМЕНСКОЙ ОБЛАСТИ

«Балалар және театр»

“Балалар және театр” жобасы аясында 8В класс білім алушылары “Бүркіт” фильмін тамашалады.





«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы «Алтын сақа» республикалық челленджі

Біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде “Төрт тоқсанға төрт өнер” жобасы аясында ұйымдастырылған республикалық челленджіне мектебіміздің барлық білім алушылары қатысып, ұлттық киімдер киіп, әшекейлер тағып “Бес табан”, “Асық ату” ойындарын ойнады.



Асық-ұлттық ойын



“Асық ату” ойыны



2 “Ә” сыныбы







Асық ату күні
3"Б"класс

**«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы
«Алтын сақа» республикалық челленджі**

Біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде “Алтын сақа” республикалық челленджіне 6”А” класының әкелері белсене қатысып, асық ату ойынын білім алушыларымызға үйретті.





Алтын сақа

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы «Алтын сақа» республикалық челленджі

17.11.2023 жылы мектебіміздің барлық білім алушылары «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде «Ұлттық мүдде» «Талап» «Ар-ұят» құндылықтарын сіңіру мақсатында «Төрт тоқсан- төрт өнер» ұлттық- мәдени ағартушылық жобасының аясында ұйымдастырылған «Алтын сақа» республикалық челленджіне қатысып, «Бес асық», «Асық ату» ұлттық ойындарын ойнады. «Алтын сақа» челленджіне Ақтөбе облыстық асық ату федерациясының президенті Сотқаров Әбілқайыр Әутайұлы, Ақтөбе қаласы білім бөлімінің әдіскері Жалғасбаев Нұржігіт Залзерұлы, аға жаттықтырушы Аян Амантайұлы қатысып, білім алушыларымызға шеберлік сағатын өткізіп, сәттілік тіледі. Мектеп тренері «Даналық» мектебінің жетекшісі Тилешева Зульфия Ермекбайқызының ұйымдастыруымен ұлттық құндылықтарды дәріптеуде асық ойындарының ерекше мәні түсіндіріліп, «Мейірім» аналар клубының мүшелері ұлттық тағам бауырсақ ұсынып, келген қонаққа шапан жапты. Сонымен қатар, Ақтөбе облысының асық ату федерациясының президенті Ә.Сотқаров мектеп директоры И.Амитжановаға және З.Тилешеваға алғыс хат табыстады.







«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы
«Төрт тоқсанға төрт шара»
«Алтын сақа» республикалық челленджі





«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы “Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы”

Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру үшін мектебіміздің ата-аналарына педагогикалық қолдау көрсету мақсатында “Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы” өз жұмысын жүргізуде. Бүгін мектебіміздің 1-4 бастауыш класс ата-аналарына арналған “Бала тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтар” тақырыбында семинар-практикум өткізілді. Семинарға келген ата-аналарымыз ұлттық киімдерін киіп, бала тәрбиесінде ұлттық құндылықтарға тәрбиелеуде ақыл-кеңестер тыңдап, тәжірибе бөлісті. Ата-аналарды қолдау орталығының тренері З.Тилешева ұлттық құндылықтың маңызы туралы ой қозғау жасады, мектеп логопеді кіші жастағы білім алушыларды ұлттық ойындар, ертегілер, жұмбақ, жаңылтпаш, жырлар арқылы тәрбиелеу жолдарымен бөлісті. Мектеп психологтары ой қорыту жұмыстарын жүргізді.

✧ Ата-аналарды қолдау орталығы
✧ Даналық мектебі



Ата-аналарды қолдау орталығы










«Бала құқығы-асыл қазына» апталығы “Ой түзелмей, бой түзелмейді”

“Бала құқығы-асыл қазына” онкүндігі аясында 6-7 класс білім алушылары арасында “Ой түзелмей, бой түзелмейді” тақырыбында #1 қалалық емхана дәрігері Л. Жанторина, психолог маманы А.Булекова зиянды заттардың алдын алу мен салауатты өмір салтын насихаттау бағытында түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Мектеп тренері З.Тилешева ой түзелмей, бой түзелмейтінін талқылай отырып, білім алушылармен пікір алмасты.

✿ Біртұтас


тәрбие

✿ “Талап”, “Ар-ұят” құндылығы






Ой түзелмей, бой түзелмейді



Ой түзелмей, бой түзелмейді



Ой түзелмей, бой түзелмейді



Ой түзелмей, бой түзелмейді



«Бала құқығы-асыл қазына» апталығы Кітапханаға саяхат

“Бала құқығы- асыл қазына” онкүндігі аясында біртұтас тәрбие бағдарламасының мектептен тыс мекемелермен біріккен кешенді жоспар негізінде мектеп білім алушылары Н.Байғанин атындағы балалар кітапханасына саяхат жасады. Кітапхана қызметкерлері білім алушыларымызды кітап әлеміне жетелеп, кітаптан тәрбие алуға шақырды. Мектептің әлеуметтік педагогы А.Танашбаева, логопед Г.Идирисова ұйымдастырған шара білім алушыларымызға үлкен әсерін берді.

✧ Біртұтас тәрбие бағдарламасы
✧ “Оқуға құштар мектеп” жобасы
✧ “Талап” құндылығы





“Оқуға құштар мектеп”



“Оқуға құштар мектеп”



“Оқуға құштар мектеп”



«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы Бірыңғай ата-аналар жиналысы

Мектебімізде “Біртұтас тәрбие бағдарламасы, ұлттық және жалпыұлттық құндылықтар негізінде тәрбие жұмысын ұйымдастырудың маңызы” тақырыбында жалпы ата - аналар жиналысы өтті.





«Балалар және театр»

Біртұтас тәрбие бағдарламасы “Балалар және театр” жобасы негізінде “Ұлттық құндылық”, “Талап”, “Ар-ұят” құндылықтарын білім алушылар бойына сіңіруде “Төле би” қойылымының маңызы ерекше. Мектебіміздің “Шабыт” драма үйірмесінің мүшелері Т.Ахтановтың 100 жылдығына орай “TEATRALL” облыстық фестиваль-байқауына қатысып, Ақтөбе облыстық жастар ресурстық орталығының басшысының АЛҒЫС ХАТЫМЕН және “Үздік сахналық костюм” номинациясы мен КУБОК иеленді!!!



Балалар және театр



Мемлекеттік Гимн орындау

Біртұтас тәрбие бағдарламасының “Ұлттық мүдде” құндылығын сіңіру мақсатында әр дүйсенбіде мектебімізде МЕМЛЕКЕТТІК ГИМН орындалуда.





Біртұтас тәрбие бағдарламасының “Ұрпаққа аманат” жобасын іске асыру мақсатында мектебіміздің “Шабыт” драмалық үйірмесінің мүшелері Төле бидің 360 жылдығына арналған Төле бидің либреттосын сахналады. Тарихи оқиғаларды көрсетудің ауқымдылығы мен тереңдігі жағынан, адам өмірі мен мінездерін ашу және өмірдегі маңызды құбылыстарды сан қырынан көрсету, формаларының байлығы мен мәнерлілігі жағынан опера жанры «өмірлік маңызы бар сұрақтарды шешудің жоғарғы сатысы» ретінде көрінеді. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы Әкім Тарази мен Қазақстанның халық жазушысы Қадыр Мырза Әли екеуі бірлесе отырып үш бөлімді «Төле би» атты опера либреттосын жазды. Бұл либреттоның берер тағылымы, айтар ойы мол. Қазақ билері – ерте заманда осы күнгі соттың да, тергеушінің де қызметін атқарған. Билер өздерінің бір ғана сөзімен небір шытырман даулы мәселелердің дұрыс шешімін айтқан, елді ақылымен өзіне қарата білген данагөй, әділ және елге сыйлы болды. Өз әділдігімен елге танымал болған қазақтың атақты билері: Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би либреттода бірігіп елді үш жүздің бірлігін сақтауға шақырады. Үйірме жетекшісі Ғабдешева Алтын Амантайқызы





Біртұтас тәрбие. «Балалар және театр» жобасы


Біртұтас тәрбие бағдарламасының “Ұлттық мүдде” құндылығына сәйкес “Балалар және театр” жобасы аясында мектебіміздің бастауыш класс білім алушылары Т.Ахтанов атындағы облыстық драма театрына “Аң патшасы арыстан” қойылымына барды. И.Меччидің “Аң патшасы” ертегісі желісінде қойылған сахналық ертегі. Білім алушыларымыздың бойында рухани құндылықтарды сіңіруде театр өнеріне баулудың маңызы зор.



Біртұтас тәрбие. «Балалар және театр» жобасы

IV Республикалық көп жанрлы «Дарын» фестивалі

БАС ЖҮЛДЕ



Біртұтас тәрбие

Ақтөбе облысы Қазақстан Халқы Ассамблеясы жанындағы аналар кеңесінің “Мәдениетті ана-мәдениетті ұлт” жобасы аясында мектебіміздің “Аналар” клубының мүшелерімен “Тәрбиенің ең тамаша мектебі- отбасы” тақырыбында кездесу өткізді. Кездесуге Ақтөбе облысы ҚХА жанындағы аналар кеңесі жұмысының координаторы Сергазина Рауза Сатымовна, Ақтөбе облысы ҚХА жанындағы аналар кеңесінің мүшелері Кульбаева Бақыт Сағындыққызы, Дадусенко Татьяна Викторовна, Алашбаева Гүлжайнар Серғазықызы, облыстық “Шолпы” қыздар клубының жетекшісі, облыстық аналар кеңесінің мүшесі Сарыбай Алмагүл Сүндетқызы қатысып, ұлттық құндылықтарға негізделген отбасы тәрбиесінің маңызы туралы келелі ойлар қозғады. Нашақорлықтың алдын алу, вейп зияны, бала мен ата-ана қарым - қатынасында көңіл бөлетін мәселелер туралы құнды пікірлер айтып, пікір алмасты.

Сонымен қатар, Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында мектебімізде ашылып жатырған “Ата-аналарды қолдау орталығының” жетекшісі, мектеп тренері Тілешева Зульфия Ермекбайқызы “Даналық” мектебі құрамындағы аналар клубының мүшелерімен тренинг жүргізіп, орталықтың негізгі мақсат-міндеттерімен таныстырды.



